

**Палата мүшелерімен заңгерлік көмек көрсету сапасының
КРИТЕРИЙЛЕРІ**

Осы Палата мүшелерінің заңгерлік көмек көрсету сапасының критерийлері, заңгерлік көмек сапасын қамтамасыз ету және оны көрсету сапасына бірыңгай талаптарды қалыптастыру мақсатында, Қазақстан Республикасының «Адвокаттық қызмет және заңгерлік көмек туралы» Заңына сәйкес әзірленген.

Заңгерлік көмек сапасы критерийлері деп, заң консультанттарымен көрсетілетін заңгерлік көмекке қойылатын талаптарға сәйкестігіне бағалау бойынша көрсеткіштер түсіндіріледі.

Сапа критерийлері заңгерлік көмек көрсететін заң консультанттының қызметіне ең төменгі талаптарды қамтиды.

1. Зан консультанты заңгерлік көмек көрсету кезінде келесі негізгі қағидаттарды басшылыққа алуы тиіс:

- 1) Заңның ұstemдігі;
- 2) заңгерлік көмек көрсететін адамдардың тәуелсіздігі;
- 3) клиенттің құқықтары мен бостандықтарын сыйлау және корғау;
- 4) клиент мүддесінде заңгерлік көмек көрсету;
- 5) кәсіби құпияны сақтау;
- 6) кәсіби және этикалық мінез-құлық нормаларын сақтау;
- 7) заңгерлік көмек көрсетудің шектері мен шараларын айқындау еркіндігі;
- 8) заңгерлік көмек көрсету стандарттарын сақтау;
- 9) судьяны, сот ісін жүргізу ережелерін және кәсіп бойынша әріптестерін сыйлау;
- 10) заңгерлік көмектің қол жетімділігі;
- 11) клиенттің де, заң консультанттының да демалыс, жеке және отбасылық өмір, еңбек демалысы құқығын сыйлау.

2. Заңгерлік көмек мынадай түрде көсетіледі:

- 1) құқықтық ақпараттандыру;
- 2) құқықтық кеңес беру;
- 3) жеке және заңды тұлғалардың мүдделерін сотта, мемлекеттік органдарда және мемлекеттік емес ұйымдарда, «Адвокаттық қызмет және заңгерлік көмек туралы» Заңымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарымен бекітілген жағдайларда және тәртіпте білдіру;
- 4) клиентпен қолданыстағы немесе ықтимал құқықтық қатынастардың қатысуышылары болып табылатын кез келген тұлғалармен өзара іс-кимыл жасай отырып, клиенттің заңды мүдделерін корғау үшін өзге де құқықтық іс-эрекеттер жасау.

3. Көрсетілетін заңгерлік көмек сапасының критерийлері болып табылады:

- 1) клиенттің құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыруда қолдау көрсету және корғау мақсатында зан көмегін көрсету;
- 2) занмен берілген өкілдіктер шегінде зан көмегін көрсету;
- 3) зан көмегін көрсету кезінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының, зан көмегін көрсету стандарттарының, содай-ақ Кәсіптік этика кодексінің нормаларын сақтау
- 4) зан көмегін көрсетудің негізгі қағидаттарын сақтау. Әрбір қағидатты іске асыру зан көмегін көрсетудің өзге де қағидаттарымен өзара іс-кимылда жүзеге асырылады;
- 5) қолданыстағы заңнама нормаларына сәйкес консультациялардың негізділігі мен

уәжділігі;

- 6) клиенттің мұдделерін негізге ала отырып, заң көмегін көрсету шарапарын таңдау;
- 7) клиенттің құқықтары мен заңды мұдделерін қорғаудың заңмен тыбым салынбаған барлық құралдары мен тәсілдерін пайдалану;
- 8) клиент ұсынған акпараттың құпиясын сактау;
- 9) мұдделер қақтығысы және (немесе) заң консультантының іске қатысуын болдырмайтын іс жүргізу заңнамасында көзделген өзге де мән-жайлар болған кезде, заң көмегін көрсету туралы қабылданған тапсырмадан бас тарту.